

Көрнекті қабілеттерін танытқан талантты және дарынды балаларға бір жолғы ақшалай сыйлықақы беру тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже көрнекті қабілеттерін танытқан талантты және дарынды балаларға бір жолғы ақшалай сыйлықақы беруге талапкерлерді іріктеу бойынша конкурстық комиссиясын құру мен жұмыс тәртібін белгілейді (бұдан әрі – «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы).

1.2. «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысын талап ету қорытындылары ұлттық мереке – Республикалық күні қарсаңында шығарылады.

1.3. Талапкерлерді іріктеу жұмысын ұйымдастыру мен техникалық қамтамасыз ету мақсатында «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысын беру бойынша облыстық конкурстық комиссия құрылады (бұдан әрі – Комиссия).

1.4. Комиссия құрамы Павлодар облысы білім беру басқармасының бұйрығымен бекітіледі.

2. Облыстық конкурстық комиссияның өкілеттігі

2.1. Комиссия құрамында 7 адамнан кем болмау керек, соның ішінде төраға, оның орынбасары, мүшелері, хатшы. Комиссия құрамы жылсайын Павлодар облысы білім беру басқармасының бұйрығымен бекітіледі.

2.2. Комиссия жұмысын төраға басқарады, ол болмаған жағдайда – орынбасары. Комиссия төрағасы жалпы басшылық етеді, жұмыс тәртібі мен кестесін белгілейді, отырыстар өткізеді. Комиссия мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде атқарады.

2.3. Конкурстық комиссия отырыстары құрамының үштен екісі болған жағдайда құқылы болып саналады. Комиссия келесі функцияларды орындайды: «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысының талапкерлері ұсынған құжаттаманың сараптамалық бағалауын жасайды, кандидаттар тізімін құрады, құжаттарды талдайды.

2.4. Құжаттардың сараптамасы кезінде Комиссия мүшесі талапкер ұйымында жұмыс істеген, көрнекті қабілеттерін танытып, тиісті ақшалай сыйлықақысының талапкерімен туыстық қатынаста немесе ғылыми жетекшілік, бірлескен авторлықта болған мүдделер қайшылығы жағдаятына жол берілмейді.

2.5. «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы Комиссия шешімінің негізінде беріледі.

2.6. Комиссия қабылдаған шешім хаттамамен рәсімделеді және облыс білім беру басқармасының бұйрығымен бекітіледі. Талапкерлер тізімі Павлодар облысының әкімдігімен келісіледі.

2.7. Комиссия шешімі қабылданған мерзімінен жеті күн аспай облыс білім беру басқармасының интернет-ресурсында орналастырылады.

2.8. «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысымен қайтадан марапаттауға жол берілмейді.

3. Сыйлықақы кандидаттарын ұсыну тәртібі

3.1. «Тәуелсіздік ұланы» премиясын алуға үміткерлер соңғы үш жылдың ішінде облыстық, республикалық және халықаралық конкурстар, олимпиадалар мен сайыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері болып табылады:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың,) орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы» № 514 бұйрығына (17.08.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және дене шынықтыру комитеті төрағасының м.а. 2020 жылғы 14 желтоқсандағы «2021 жылға арналған спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай республикалық күнтізбесін бекіту туралы» №380 бұйрығына;

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрімен бекітілген республикалық спорттық-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары және халықаралық сайыстардың күнтізбелік жоспарына;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бекітілген республикалық бюджет қаражаты есебінен өткізілетін республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шаралар тізбесіне (Қосымша білім берудің республикалық оқу-әдістемелік орталығының 2021 жылғы 21 ақпандағы №15-53/105 хаты) енгізілгендер;

- сондай-ақ аймақаралық және облыстық олимпиадалар, кәсіби шеберлік конкурстардың жүлдегерлері.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарының оқушылары үшін тек республикалық және халықаралық деңгейдегі жетістіктер ескеріледі.

«Спорттық шеберлік» номинациясында тек республикалық және халықаралық деңгейдегі жетістіктер ескеріледі.

3.2. Қоғамдық-маңызды, батыл әрекет жасаған, өзге адамды құтқару үшін өз өміріне қауіп төндірген білім алушыларға «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы конкурстан тыс беріледі.

3.3. «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы келесі номинациялар бойынша беріледі:

- «Ғылыми-техникалық шығармашылық пен оқу-зерттеу қызметі» - **20** квота;

- «Кәсіби шеберлік» (техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін) – **20** квота

- «Шығармашылық шеберлік» - **20** квота;

- «Спорттық шеберлік» - **20** квота;

- «Әлеуметтік маңызы бар және қоғамдық қызмет» - **20** квота.

Конкурстың басталуы мерзімі 2022 жылғы 11 қазан күні.

3.4. Конкурс екі кезеңде өткізіледі. Конкурсты ұйымдастыру мен өткізу үшін әр кезеңде сараптамалық (жұмыс) топтар құрылады.

I кезең – қала және аудан деңгейінде.

Бұл кезеңде білім беру ұйымдары осы Ереженің 3.2 тармағына сәйкес қалалық және аудандық білім беру бөлімдерінің сараптамалық (жұмыс) топтарына қажетті материалдарды ұсынады. Сараптамалық (жұмыс) топтар ұсынылған материалдарды іріктеп, талапкерлердің Конкурстың келесі кезеңіне қатысуыға ұсыну туралы шешім қабылдайды.

I кезеңнің құжаттарын қабылдау мерзімі: ағымдағы күнтізбелік жылдың 11-13 қазан аралығы.

Қалалық және аудандық білім беру бөлімдері, мамандандырылған, арнайы, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары 2 қосымшаға сәйкес талапкерлер тізімін Комиссияның қарауына ағымдағы күнтізбелік жылғы 17 қазанға дейін тапсырады.

II кезең (облыстық) – қорытынды.

II кезеңнің құжаттарын қабылдау мерзімі: ағымдағы күнтізбелік жылдың 17 қазан күні.

Комиссияның қарауына келесі материалдар ұсынылады:

- Конкурстың қорытынды кезеңінің талапкерлер тізімін көрсетумен сараптамалық (жұмыс) топтары отырыстарының шешімі (үзінді көшірме);
- 4.1, 4.2 тармақтарына сәйкес ағымдағы күнтізбелік жылғы қызмет жетістіктерін (портфолио) растайтын құжаттар.

3.5. Конкурстық іріктеу әр номинация бойынша жеке өткізіледі. Егер бір немесе бірнеше номинацияда талапкерлер болмаса, «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы ұсынылған номинациялар арасында ең көп рейтингтік ұпай саны бойынша критерийлеріне сәйкес бөлінеді (1-қосымша).

3.6. Әр талапкер жетістіктері конкурстық комиссияның үш мүшесімен бағаланады.

3.7. Осы Ережеде көрсетілмеген жағдаяттар туындаған сәтте конкурстық комиссия шешімі алқалы қабылданады.

4. Ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптар

4.1. «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысының талапкері келесі материалдарды тапсырады:

- белгіленген форма бойынша талапкер сауалнамасы (3-қосымша);
- мәлімделген номинация бойынша соңғы үш жылғы жетістіктерді дәлелдейтін құжаттар көшірмесі (дипломдар, грамоталар, алғыс хаттар, куәліктер, сертификаттар, БАҚ-тағы жарияланымдар және т.б.). Әр көшірме талапкерді ұсынған ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталады;
- мәлімделген номинация бойынша Конкурс қатысушысының ерекше табыстарын растайтын өзге материалдар.

4.2. Материалдар жеке мөлдір тысты папкада ұсынылады, әр құжат жеке файлда болу керек (құжаттардың екі жақты салынуына рұқсат беріледі).

4.3. Талаптарға сай келмейтін материалдар Комиссия шешімімен қабылданбауы мүмкін. Конкурсқа белгіленген мерзімнен кеш және осы

Ереженің 3.3-тармағында көрсетілген ілеспе құжаттарсыз жіберілген материалдар қаралмайды.

5. Конкурсты қаржыландыру

5.1. «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысының иегерлері **100** білім алушы санында төсбелгімен марапатталады және 50-еселі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы сыйақы алады.

5.2. Конкурс жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Көрнекті қабілеттерін танытқан талантты және дарынды балаларға ақшалай сыйлықақы беру және ынталандыруға кандидаттарды іріктеу бойынша конкурстық комиссия жұмысының тәртібі туралы Ережесіне
1-қосымша

«Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысының талапкерлерін бағалау критерийлері

р/с №	Критерий атауы	Максималды ұпай саны
1.	Талапкердің жетістіктері (әр шараны қосындылау):	
1.1	Халықаралық олимпиадалар, конкурстар мен жарыстар жүлдегерлері: 1-орын 2-орын 3-орын	5 ұпай 4 ұпай 3 ұпай
1.2	Республикалық олимпиадалар, конкурстар мен жарыстар жүлдегерлері: 1-орын 2-орын 3-орын	4 ұпай 3 ұпай 2 ұпай
1.3	Аймақаралық және облыстық шаралардың (олимпиадалар, фестивальдер, конкурстар, жарыстар), кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегерлері: 1-орын 2-орын 3-орын	3 ұпай 2 ұпай 1 ұпай
2.	Талапкердің әлеуметтік-маңызды және қоғамдық қызметі (әр шараны қосындылау)	
2.1	Білім алушының көшбасшылық қасиеттері мен белсенді өмірлік ұстанымы: республикалық деңгей облыстық деңгей	4 ұпай 3 ұпай
2.2	Стартап-жобаларды әзірлеу мен ендіру	4 ұпай
3.	Оқу жетістіктері	
3.1	«үздік» «жақсы және үздік»	5 ұпай 4 ұпай

Көрнекті қабілеттерін танытқан талантты және дарынды балаларға ақшалай сыйлықақы беру және ынталандыруға кандидаттарды іріктеу бойынша конкурстық комиссия жұмысының тәртібі туралы Ережесіне
2-қосымша

«Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы талапкерлерін бөлу құжаты

р/с №	Қала, аудан, білім беру ұйымының атауы	Талапкерлер саны
1	Павлодар қ.	80
2	Екібастұз қ.	60
3	Ақсу қ.	30
4	Ақтоғай ауданы	8
5	Аққұлы ауданы	8
6	Баянауыл ауданы	8
7	Железин ауданы	8
8	Ертіс ауданы	8
9	Май ауданы	8
10	Павлодар ауданы	8
11	Тереңкөл ауданы	8
12	Успен ауданы	8
13	Шарбақты ауданы	8
14	Мамандандырылған білім беру ұйымдары	Әр ұйымнан 5 адамнан аспау керек
15	Аранайы білім беру ұйымдары	Әр ұйымнан 3 адамнан аспау керек
16	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары	Әр ұйымнан 3 адамнан аспау керек

Көрнекті қабілеттерін танытқан талантты және дарынды балаларға ақшалай сыйлықақы беру және ынталандыруға кандидаттарды іріктеу бойынша конкурстық комиссия жұмысының тәртібі туралы Ережесіне
3-қосымша

«Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысы талапкерлерінің сауалнамасы

1. Талапкердің аты-жөні *(туу туралы куәлігіне немесе жеке куәлігіне сәйкес)*
2. Туған күні, айы, жылы
3. Мекендеу орны *(аудан/қала, елді мекен, мекен-жайы)*
4. Оқу орны *(білім беру ұйымының толық атауы)*
5. Сынып немесе топ
6. «Тәуелсіздік ұланы» сыйлықақысының номинациясы
7. Отбасының әлеуметтік жағдайы
8. Байланыс деректері *(телефон, e-mail)*

